

Ф.Т.Саметова

«Қайнар» университеті, Алматы

Қазақ сөйлеу этикетінің ерекшеліктері

Әрбір халықтың салт-дәстүрі, эстетикалық талғамы, әдеп нормалары уақыт өте өзгеріп отыратын тарихи құбылыс. Олар тілде көрінеді және сөйлеу әдебінің арнайы ережелері ретінде сөйлеу этикетін анықтайды. Ауызекі қатысым, немесе тілдік қатынас, адамдардың қоғамдағы әдебін қалыптастыратын маңызды үрдіс болса, тіл олардың объективті дүниетанымының деңгейін көрсетеді. Сөйлеу этикетінің табиғатына келсек, сөйлеу этикетінің микрожүйесі — тілдік қатынас барысында әлеуметтік-реттеу қызметін атқаратын тілдік амалдардың жиынтығы. Бұл жүйенің екі жақты бағыты бар, біріншіден, сөйлеу этикеті тілдік жүйеге жатады, оның бірліктері тілдік нормаға тәуелді. Ал, екіншіден, сөйлеу этикеті жалпы этикеттің құрамдас бөлшегі ретінде адамның тәртібін басқаратын әлеуметтік нормалармен тығыз байланысты.

Кілмті сөздер: тілдік қатынас, сөйлеу этикеті, қатынас мәдениеті, бата-тілек сөздер, сөйлеу дәстүрі, тілдік норма.

«Сөйлеу этикеті» түсінігі «қатынас мәдениеті» түсінігімен тығыз байланысты. «Қатынас» феномені психология, философия, лингвистика, семиотика, педагогика, этика, эстетика және т.б. көптеген ғылымдардың негізінде дамып келеді. «Қатынас» феномені ХХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап әлеуметтік-психологиялық теория деңгейіндегі барлық формадағы адамдардың психологиялық өзара әрекеттері ретінде зерттеле бастады. Қазіргі уақытта қатынас психологиясының қарқынды дамуына байланысты қатынас — адамның өзара қарым-қатынасының ерекше түрі ретінде анықталады. «Қатынас мәдениеті — көптеген қызметтер: педагогикалық, публицистикалық және т.б. саласындағы кәсіби құзырет белгісі болып табылады» [1; 106].

Қатынас мәдениеті адамдардың мыңдаған жылдар бойы қалыптастырған белгілі бір ережелері мен нормаларын сақтауға негізделген. Орта ғасырдан бастап адамдар арасындағы қатынастардың ережелері мен нормалары, соның ішінде «қоғамдағы адам әдептерінің әлеуметтік жинақталған нормалары» — этикет те жүйелене бастаған болатын [1; 270]. Этикет деп адамның рухани мәдениетімен, оның басқа адамдарға (айналасындағылармен тіл табысуы) және этикеттік маңызы бар заттарға (киімі, шаш үлгісі және т.б.) деген қатынасы айтылады. Адамдардың сөйлеу қатынасы тілдік әдептер деп аталуы қабылданған әдептің маңызды бөлігін құрайды. Н.И.Формановская және де басқа зерттеушілер «сөйлеу этикеті» түсінігін қалыптастырған болатын.

Сөйлеу этикеті — бұл әлеуметтік берілген және коммуниканттардың байланыстарын анықтау, қолдау мен аяқтау жағдаяттарындағы сөйлеу әдебін ресми және бейресми қатынас жағдайындағы олардың әлеуметтік жағдайлары мен рөлдеріне, рөлдік және тұлғалық қатынастарына сәйкес арнайы ұлттық реттеуші ереже [1; 12]. Сөйлеу этикеті коммуникативтік лингвистиканың, прагмалингвистиканың және де функционалдық стилистика, риторика, мәтін лингвистикасы, психолінгвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика мен паралингвистика сияқты бірқатар ғылыми бағыттардың да зерттеу нысаны болып табылады.

Қазіргі кездегі зерттеулер бізге сөйлеу этикетінің сипаттамалық негізгі ұстанымдарын айтуға мүмкіндік беріп отыр:

1) Сөйлеу этикеті — қандай да бір қоғамда қабылданған адамдар айналасында және тиісті мәнгермен жүзеге асырылатын сөйлеу әдебінің ережесі. Сөйлеу этикеті — бұл «қатынасты негіздейтін: тілдік, ұлттық, этникалық сияқты көптеген факторлардың түйісіп келетін, адамдар арасындағы қатынас саласы» [2]. Бір-біріне қарама-қарсы қойылған қандай да бір узуастағы тыйым салу мен рұқсат ету, сөзсіз, осы қайшылықтардың мәдени құндылықтары тұрғысынан ғана беріледі. Жағдаятқа сәйкес емес сөйлеу этикеті формаларын қолдану қатынастың микроклиматының бұзылуына әкеліп соғады. Сөйлеу этикеті кез келген ұлттық мәдениеттің маңызды элементі де болып саналады. Оның мәдениетке екі жақты қатысы бар: 1) ол — қатынас, сөйлеу әдебі мәдениетінің элементі; 2) ол — тіл элементі, ал тіл болса — мәдениеттің туындауы мен өнімі, оның құралы мен оның сақтаушысы [1; 54]. Ұлттық мәдениет ерекшеліктері сыртқы белгілерде (мысалы, сәулет немесе киімі) ғана емес, сөйлеу әдебінің формаларында да көрініс береді. Мысалы, гректер: «*Қуана бер!*» деп амандасса, қытайлықтар ішінде ең алдымен: «*Тамақ іштің бе?*» сұрағынан басталады,

ағылшындықтар: «*Бүгін ауа райы жақсы*» сұрағынан бастаса, қазақта амандасу: «*Мал-жан аман ба? Үй-ішің аман ба?*» сияқты сұрақтармен басталып жатады. Этнографиялық коммуникация мен басқа да ғылыми бағыттар сөйлеу әдебінің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне сүйенеді.

2) Сөйлеу этикеті — тарихи «әлеуметтік мұраға қалады».

Әрбір халықтың салт-дәстүрі, эстетикалық талғамы, әдеп нормалары уақыт бойынша өзгеріп отырған тарихи құбылыс. Олар тілде көрінеді және сөйлеу әдебінің арнайы ережелері ретінде сөйлеу этикетін анықтайды. Адам қатынасының әлеуметтік детерминациясы сөйлеу этикеті әр уақытта қайтадан пайда болады дегенді білдірмейді; олар «әлеуметтік мұраның» тәсілі ретінде мәдени дәстүр механизмі арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі». Мысалы, қонақ күту, оны қарсы алу, дастархан басындағы әңгіме тақырыбы, тамақ беру (сыйлы қонаққа берілетін ас түрлері), тағы басқа дәстүрлі этикеттер. «Этикеттік белгілердің саны шексіз, ол консерватизм мен тұрақтылық белгісіне қарамастан, қоғаммен бірге дамиды, біреуінің орнына біреуі келіп қосылып жатады» [1;7].

Ауызекі қатысым, немесе тілдік қатынас, адамдардың қоғамдағы әдебин қалыптастыратын маңызды үрдіс болса, тіл олардың объективті дүниетанымының деңгейін көрсетеді. Осы тұста Л.П.Якубинский сипаттаған әңгіме тақырыбына қатысты, тұрмысқа байланысты, әдеттегі қатысым жағдаяттарында жиі қайталанатын типтік фразалар біздің жадымызда дайын тұрады. Мәселен, *Мейрамыңыз құтты болсын! — Рахмет; Нәрестенің бауы берік болсын! — Айтқаныңыз келсін.* Жалпы типтік фразалар стереотиптердің нақты тобын, тұрақты сөйлеу формулаларын құрай отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынастың орнауына қызмет етеді. Коммуниканттар осы формулалардың көмегімен ынтымақтастықтың белгілі ережелеріне сүйенетін жоғары мәдени деңгейлі, сәтті қатысым қалыптастырады. Бұл тұрақты формулалар сөйлеу этикеті бірліктерінің микрожүйесін құрайды. Сөйлеу этикетін нақты тілдік құбылыс деп жүйелеп зерттеген еңбектердің бары сөзсіз. Қазақстандық ғалымдар мен зерттеушілер де бұл мәселені назардан тыс қалдырған емес. Отандық тіл білімінде біраз зерттеу жұмыстары қазақша сөйлеу тіліне тән этикет формулаларының әмбебап табиғатын ашатын ерекшелігін әр түрлі бағытта қарастырған.

Бата-тілек сөздері сөйлесу этикеті ретінде жүріп, белгілі бір жағдайға байланысты шартты мағынаға ие болады. Олардың мағыналық тараулары сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, алғыс білдіру сияқты адамдардың әр түрлі жағдайларында кездеседі. Семантикасынан бағалауыштық мән байқалады. Мысалы: кездесу кезінде айтылатын тілектер: *қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш;* қоштасу кезінде: *жолың болсын, кездескенше күн жақсы болсын* т.б. Құттықтау тілектері: *аспаның ашық болсын, денің сау болсын* т.б. Ал тілек-баталарды қолдануда сөйлесімге қатысатын тек айтушы, ол берілген тілегі арқылы өз мақсатының жүзеге асуын көздейді. Тілектер болған оқиғаға байланысты, қарым-қатынас түріне қарай, жасына, жынысына қарамай үлкен де, кішіге де беріледі. Сондықтан эмоциялық пен бағалауыштық қызмет диалог арқылы емес, монолог арқылы жүзеге асады. Осы орайда тілек-батаның әсер туғызушы қызметі де бүтіндей мәтін ретінде прагматикалық аспектіні құрастырады. Мысалы:

Е, құдайым оңдасын,

Қыдыр келіп қолдасын.

Бас аман, мал түгел болып,

Береке, бірлік орнасын!

Алғыстарды, немесе баталарды, естігенде, олар жағымды сезімнің әсерінен туындағанын аңғарамыз. Тілек білдіру кезінде ішкі эмоция арқылы дауыс ырғағы реттеледі. «Баталардың прагматикалық бағыты риза болу, сүйіну, көңіл білдіру, ықылас таныту, қуану сияқты көңіл-күйлермен ұштасып жатса, қарғыстарда табалау, сөгіс білдіру, жақтырмау, мұқату сезімдері қабат келіп жатады. Мұндай эмоцияға толы сөздердің адам психикасына әсері мол» [3;85].

Батаның ғибратты-дидактикалық және коммуникативті қызметін басқа да тілдік бірліктердің бойынан байқауға болады. «Бата сөзі, бір жағынан, халық шығармаларына жататын тілі көркем, мазмұны келісті сөз үлгісі болса, екіншіден, тәлім-тәрбиелік мәні айрықша байырғы мұрағаттардың бірі. Халқымыздың бата беру, ізгі тілек айту салты, үшіншіден, сөз әдебі немесе, ғылым тілімен айтқанда, сөз этикеті деген аса мәнді «ережеге жатады»» [4]. Осы тұста, белгілі бір коммуникативті интенциямен жұмсалатын кез келген тілдік бірліктердің пресуппозициясына, фатикалық компонентіне, иллокутивті қызметіне бағытталған дайын жауаптардың да бар екенін айта кеткен жөн. Мысалы: *Ораза қабыл болсын! — Айтқаныңыз келсін!; Сапарыңыз сәтті болсын! — Айтсын!; Жолың болсын! — Амин!; Үй-іші тегіс аман ба? — (Құдайға) шүкір; Ертең кездесеміз ғой. — (Құдай) бұйыртса (қаласа).*

Келтірілген мысалдардан байқағанымыздай, кез келген қазақ тілінде сөйлеуші бұл жауаптардың түпкі семантикалық пресуппозициясын айқындай алады. Қазақ сөйлеу тіліне тән имплицатуралар арқылы адресат стимулдың иллюкуциясын қалай қабылдағанын, яғни, стимул бойындағы реактивті тапсырмамен келісетінін не келіспейтінін, болмаса оны растайтынын не қарсы келетінін көрсетеді. Мұндай жауаптар стимул интенциясымен ұтымды үйлесіп, коммуниканттар арасында түсіністік орнатуға қызмет етеді. Өйткені олар тыңдаушы санасында орныққан. Осындай тілде бар дайын жауаптар қандай сөйлеу жағдаятында жұмсалса да, өздерінің иллюкутивті қызметін орындайды. Мысалы, төмендегі стимул-репликаларға бағытталатын дайын жауаптардың ерекше түрлері бар:

- *Армысыз, әз аға! Асыл аға! — Бар бол, немен жүрсің, жарқыным?* [5;11].
- *Ассалаумағалайкум, Балта аға! Келдіңдер ме кешікпей... — Ақанбысың, әліксалам... Аманбысың, жарқыным (Құшақтасып амандасады)* [5;103].
- *Күйлі, қуаттымысыңдар, шешелерім! — Шүкір, қарағым...* [5;181].
- *Көбеймісің, жарқыным? Аз ауыл Тобықтың не күйде? Елің, ерің аман ба, ұлдарым? — Ел тыныш, ер аман, баба!* [5;8].

Адресаттың бұл тіл бірліктерін қолдана алуы, яғни, белгілі халықтың мұндай тілдік ерекшелігін білгені оның дүниетанымы, тәрбиесі, білім қоры деңгейінің көрінісі. «Қазақ баталары халық дүниетанымына сай негізделген рухани байытушы мәтін болғандықтан, бата деп аталғаннан-ақ не айтылатыны және қалай айтылатыны нақты болмаса да әр қазақтың ұғымында бата мәтіннің прагматикалық формасы қалыптасады. «Бата» атауынан-ақ жақсылықтың нышаны елес беріп, жүрекке жылылық ұялатады» [3;81].

Тілек-бата туралы С.Негимов «Ақ бата» (1992), М.Еламжанов «Баталар» (1998), Қ.Ысқақов «Ақ бата» (2000), Н.Уәлиұлы «Бата-тілектер» (2003) өз еңбектерінде талдап айтқан. З.Б.Үмбеталина, Г.Смағұлова, С.Төлекова, С.Кенжеахметұлы, Н.Өсерұлы және т.б. этнограф-ғалымдар еңбектерінде бата мен қарғыс мәнді сөздердің топталуы туралы ой қорытқан болатын. Қазақ қауымында өмір сүрген би-шешендердің философиялық ой туғызатын бата, тілектерінің атқаратын қызметі зор. Әр әлеуметтік топтың өз тілі болады дейтін әлеуметтік лингвистикалық қағидаға сүйенетін болсақ, шешендік тіл — зиялы қауымның даналар тілі. Бата адам санасына айрықша формасымен әсер етеді, әрі оның негізгі мағынасы ойлау нәтижесінде аңғарылады. Ол бата берушінің өз басынан өткен, өмірдегі оқиғалардан алынған, алайда дәлелдеуді қажет етпейтін шындықты рухани қорытып шығаруы нәтижесінде пайда болады. Бата ықшам және жинақы берілген ойды көрсетумен қатар қысқа сөзбен түйінделіп отыратын тиянақты, бейнелі ой, оның әр тармағы жеке нақыл ретінде қолданылады. Баталар ұлттық-танымдық құрылым негізінде қалыптасатындықтан, қазақ болмысының, мәдениетінің рухани дүниетанымының көріністерін бейнелейді. «Бата-тілек айту жағдайындағы сөйлеу актісінде суггестор суггерендтен басым түсе отырып, белгілі бір мақсатқа сай әрекет етеді. Суггестиялау арқылы прагматикалық дәрежеге жету қатысымға қатысушылардың коммуникативтік жағдаятты психологиялық қабылдай алумен қатар, олардың арасында өзара түсінушілік, коммуникативті және лингвистикалық құзыреті мен тілдік қатынас ұғымдарын ұға алатын қазақ ұлты өкілі болуы қажет. Бұл тілек-батаның әрекет уақытында пайда болатын сөйлеу түрі емес, жағдаят кезінде тек дайын түрде қолданысқа түсетін сөйлеу түрі екендігін танытады» [3;41].

Тілек-бата сөздері ауызша сөйлеу үлгілеріне жатады, бата беруде эмоция мен сезім қатар жүреді. Сондықтан да бата беру кезеңіндегі психологиялық жағдайды ғалым А.Ж.Машимбаева бірнеше топқа бөліп қарастырған. «Олар:

а) бата беруге дайындық. Мұнда батагөй жалпы ортамен ықпал күшін арттыру үшін коммуникативтік қатынасқа түседі, бата берушінің ең алдымен ойлау қабілетінің жылдамдығы жоғары болуы қажет;

ә) сөйлесімді қалыптастыру. Бата беру үшін әр түрлі әдіспен қатесіз, дәл мағынада, анық етіп, керекті батаға тән тіркестерді қолдану қажет;

б) батаның тұтастықта сыртқа шығуы. Сөздің дыбыстық жағынан анық болып, интонация бірліктері арқылы ойлаудың сөйлеуге айналуы, бата беру сәтіндегі ортаны ұйытуы немесе эмоцияға берілуі;

в) батаның қабылдануы;

г) түсінісу. Бұл жағдай батагөйде вербалды, бата алушыда бейвербалды көрініс табады. Негізгі мақсаты — бата алушының ойына кей жағдайда әсер етуі» [3;81].

Бата-тілек, өсиет айту даналардың мәндік-мағыналық ерекше стильдік сөйлеу дәстүрі болып табылады. «Бата — біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Батаны ақсақал адамдар айтады. Батагөй шалдар — басы бар табақты тартуға алып келгенде, жеп болғанда бата қылады», — деп айтқан болатын Ахмет Байтұрсынұлы [6]. Яғни батаны тек парасатты, данышпан, дана адам ғана айта алған. Келтірілген мысалда даланың батыл да батыр ұлы Кебекке Абыз бабаның берген батасы:

Кебек: *Бағымды аиcын, батаңды бер, аз аға... Ақбас құндыз алдымды аиcын, бата бер.*

Абыз:

*Адалдан бер, ақтан бер!
Бәлекетін жатқа бер,
Ер маңдайын баққа бер!
Абырой асар жаққа бер!
Қара түндей қазаны
Қас ойлаған жаққа бер!
Сөнбес күндей шат көңіл
Жазығы жоқ жасқа бер!
Адал жолды аққа бер
Мерейі асқан өренім
Кебек сынды таққа бер!* [5; 13].

Байқап отырғанымыздай, бата атауының өзінен-ақ прагматикалық құбылысты байқаймыз. Өйткені бата қарым-қатынастың түрлі бағыттарын айқындайды. Оң бата, тілек және қарғыс болып бөлінетіндіктен, қуаныш пен реніштің түрлі жағдайлары жағдаят кезінде айқындалады. Ниеті түзу, жасы үлкен, рухани бай адам ғана бата бере алады. Осы орайда тілек-баталар сөйлеу түрінің үлгісі болғанымен де, жеке субъектілердің әрекет үстіндегі ойынның көрінісі емес, тілдік қолданыста дайын күйінде сақталған халықтың рухани мұрасы. Ол айтушының ойын жеткізуде нақтылау мақсатында жеке пікіріне үстеме ретінде жұмсалады, «...бұл да қазақтың ескілікті әдет-ғұрпынан туған, батагөй қариялар айтатын сөз өнерінің бір түрі. Адам бойына жабысқан әр түрлі ауру-сырқауды сиқырлы сөзбен қуы, аластауға болады деп сенген халық, бір замандарда, бақ пен дәулетті де, бас амандығы мен байлықты да ақ тілеу айтып, бата беру арқылы дарытуға болады деп түсінген. Жарылқаймын десе де, жабырқаймын десе де Қыдыр атаның еркі біледі деп есептеген. Бата қалың нөпір ел бас қосқан жиындардың, тойлардың, астардың соңында айтылады» [7].

«Тілімізде алғыс мәніндегі бата-тілектермен қатар қарғыс мәнін білдіретін сөздер мен сөз тіркестерінің де молынан кездесетіні байқалады. Қарғыстардың да шығу тарихы алғыстар секілді көнеден келе жатқандығы тілдік деректерде байқалады. Мұның себебін адам психологиясының қуану мен ренжу сияқты көңіл-күйлері кезектесіп отыратындықтан, алғыс пен қарғыс, оң бата мен теріс бата да жағдаятқа байланысты айтылып отырған» [8]. Қазақ тілінің лексика-семантикалық жүйесінде құрылымдық және мағыналық тұрғыда ерекше лексикалық топ құрайтын тілдік таңбалардың бірі — қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді сөздер. Қарғыс пен алғыстың шығу тегінің өте ертеде екенін айта келіп, Ө.Болғанбаев былай дейді: «Бұлардың негізгі идеялары көбіне діни ұғымдармен тығыз байланысты. Кісінің аузынан шыққан алғысы мен қарғысы арқылы адам баласының, жан-жануарлардың өмір тіршілігін оңайлатуға немесе қиындатуға, ұзартуға болады деген теріс ұғымнан келіп туған» [9]. Сөздерді мұндай тобы мазмұны жағынан этностың менталді дүниесіне тән тілдік және тілден тысқары білімдер жүйесінің бар екенін көрсетеді. Бұл қазақ тіліндегі тілек атауына қатысты ассоциациялық өрістің мәнін ашып береді. Мұндай сөздерді ұғыну үшін тек қана белгілі бір дәрежедегі аялық білімі ғана емес, қазақи ұғымы да болу керек. Белгілі ғалым Н.Уәлиев: «Сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты көздемейді, сонымен қатар толып жатқан тілдік амал-тәсілдердің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, бедерлі, ұтымды түрін талғау дегенге саяды», — деген пікір айтады [10; 362].

Тілдік норма — тіл мәдениетінің қарастыратын мәселесі. «Сөйлеу мәдениетіне жетілу, тілді тиімді пайдалана білу талабы арғы көне замандардың өзінде болған. Адам баласы өзінің өмірлік серігі, бүкіл тіршілігінің құралы, рухани айнасы — тіліне, оның тағдырына бейтарап қарамаған, оны қызғыштай қорып, мәпелеген. Қоғамның мәдени дәрежесін көтеру бағытындағы әрбір қадам алдымен тіл мәдениетін, жазу өнерін дұрыс жолға қою, жетілдіру талабынан бастап отырған» [10;118]. Тіл мәдениеті тілдік норманың 3 түрін қамтиды, олар: тілдік норма (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбыстану нормасы); этика — сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері); коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынастың тиімділік қағидалары).

Тіл мәдениеті, тілдік норма туралы Р.Сыздықова, М.Балақаев, М.Серғалиев, Н.Уәлиев өз еңбектерінде жан-жақты қарастырған болатын. Қазіргі уақыт талабына сай, сондай-ақ, әлемдік тіл ғылымында тіл мәдениеті «сөйлеудің тиімділік теориясы» ретінде аталып, әрекеттестік (яғни, екі жақтың өзара қатынасының) бағытында зерттеліп жатыр. Осы әлемдік тіл мәдениеті көтерген мәселелерін қазақ тілі ғылымында жан-жақты зерттеудің прагматикалық аспекті арқылы шешу міндеті алға қоюлуда. «Тіл мәдениетінің басты мәселесі — тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету. Әрине, мұндайда тілдің эстетикалық, әдемілік жағынан әсер етуі басты назарға алынады. Демек, әркімнің жүріс-тұрысында, жалпы болмысында мәдениетті болуының қажеттілігі сияқты, сөйлеу, жазу үстінде де адамның, әр сөзді, сөз тіркесі мен сөйлемді тиісті мағынасында емес, соған қоса, тартымды, әсерлі қолдана білуі кең мағынадағы рухани мәдениеттіліктің бір саласы ретінде қаралуы тиіс. Тіл мәдениетінің ерекшелігін айқындайтын негізгі белгілер мен сапалар болады. Олардың бастылары мыналар: дұрыстық, дәлдік, логика, тазалық, мәнерлілік, сөздің байлығы және қисындылық» [11].

Тіл мәдениеті сөзді дұрыс, тәртібімен ғана пайдалану болып саналмайды, тіл мәдениеті эстетикалық бағдарды қамтамасыз етеді. Ол өзінің ең жоғары деңгейінде стилистикамен түйіседі, оның мәселелеріне игі ықпал етіп, стилистикалық норманың қалыптасуына толық мүмкіндік жасап береді. Стилистикалық нормадан тілдік норманың өзгешелігі мынада: әдеби тілдің тілдік нормасын қолдану аясы шектеулі емес. Тілдік норма жалпы қолданыстың дұрыстық сапаларын игеріп отырады. Тілдік норманың функционалдық табиғаты варианттылықтың бар болуымен байланысты. Тілдік тәсілдердің варианттылығы әдеби тілдің функционалды-стилистикалық жіктелуін қамтамасыз етеді. Тіл нормасы белгілі жүйелілік пен бірізділікке бағынады. Әр халықта бір-біріне ортақ болып келетін лексикалық мағынасымен бірге сыпайылық мағына білдіретін сөздер көп екенін байқауға болады.

Сөйлеу этикетінің табиғатына келсек, сөйлеу этикетінің микрожүйесі — тілдік қатынас барысында әлеуметтік-реттеу қызметін атқаратын тілдік амалдардың жиынтығы. Бұл жүйенің екі жақты бағыты бар, біріншіден, сөйлеу этикеті тілдік жүйеге жатады, оның бірліктері тілдік нормаға тәуелді. Ал, екіншіден, сөйлеу этикеті жалпы этикеттің құрамдас бөлшегі ретінде адамның тәртібін басқаратын басқа формалармен тығыз байланысты. Объективті шарттар адамдардың әрекетін реттейтін болғандықтан, мұндай әрекетті өзіне сай ережелер, нормативтер бақылайды. Сондықтан да әлеуметтік нормалар әлеуметтік келісімнің маңызды механизмі қызметін атқарады. Демек сөйлеу тілінің қозғалысты, субъективті сипатымен байланысты сөйлеу нормасы болады. Ал сөйлеу нормасын «тілдік қолданыста тандап, белгілеп пайдаланатын тұрақты, дәстүрлі тілдік құрылымның элементтерін сыртқа шығару» деп анықтайтын болсақ, онда бұл дегеніміз, нені айтуға болмайды, белгілі қоғамдағы дәстүр бойынша қалай айтуға болатынына көңіл бөлу керек.

Әр заманда әр халыққа тән әдептер мен дәстүрлер өмірге келіп, соларға сай сыпайылық қағидалар туындап, ғасырлардан ғасырларға жалғасып, ұласып жатады. Тыңдаушының сөйлесім мазмұнын дұрыс қабылдауы пікірлесімге қатысушылардың сөйлесу тәжірибесінің ортақ сипатына тікелей байланысты. Осы тұста П.Грайстың атақты ынтымақтастық қағидасы да адресаттың коммуникативті қызығушылығын есепке алу керектігін көздейтінін айта кеткіміз келеді. Басқаша айтқанда, бұл қағиданың негізінде қатысымның сәтті жүзеге асуы алдымен тыңдаушыға тікелей байланысты екендігі жатыр. Сонымен, П.Грайс ұсынған ынтымақтастық қағидасы: «1) белгілі хабарды айт; 2) тек қана шындықты айт; 3) тақырыптан ауытқыма; 4) анық сөйле; 5) сыпайы бол», — дейді. Бұл адресатқа қарағанда сөйлеушіге қойылатын коммуникативті міндеттердің талабы. Сонымен, адресаттың ролін сөйлеудің тек әлеуметтік этикет формасы қана белгілемейді. Ол сөйлеушіні өз сөйлеу әрекетін дұрыс ұйымдастыруға итермелейді. Демек кез келген ауытқу тыңдаушының қайта сұрауларымен әшкереленуі мүмкін, себебі «сөйлеуге өңдеу жасау адресат факторының қысымымен жүзеге асады» [12].

Сөйлеу актілері арқылы тыңдаушыға әсер ету үшін сөйлеуші белгілі тіл бірліктерін қолданады. Кез келген перлокутивті қызмет негізінде сөйлесімнің үш салаға: әрекетке, ойға, эмоцияға бағытталған перлокутивті мақсаты жатыр. Сөйлеу актілерінің прагматикалық типтерінде (констатив, квеситив, директив, менасив және т.б.) тілдік бірліктермен берілген авторлық интенция перлокуцияны да болжайды.

Сөйлеу әрекетін жоспарлап, оны жүзеге асыру кезінде коммуникант қатысымға қатысушының әлеуметтік сипатын, соның ішінде рольдік сипатын есепке алады. Себебі сөйлесу барысында адамдар не тыңдаушы, не сөйлеушінің ролін қабылдайды да, әрекетке қатысты өз бағаларын береді. Қарым-қатынас үрдісін әлеуметтік тұрғыдан бақылау қатысымдағы адамдардың рольдік репертуарына сай

жүргізіледі. Психологияда роль дегеніміз — әркімнің әр түрлі әлеуметтік позицияда өзіне тағайындалған, белгіленген әдебі. Әрине, бір адам жағдаят түріне қарай әр түрлі роль (әке, отбасының мүшесі, маман, тұтынушы, жолаушы т.с.) орындайды. Бұл жерде оның әлеуметтік ролінің алатын орны ерекше. Себебі әлеуметтік рольдер қатысымға қатысушылардың сөйлеу әдебін анықтайды. Жағдаят кез келген коммуникативтік актіге әсер ету есебімен қатысушылардың әлеуметтік рольдерінің, олардың психологиялық күйін толық қарастырады. Сөйлеуші де, тыңдаушы да өз ниеттерін сөйлеу қадамы арқылы білдіруі вербалды және әрекет түрінде жүзеге асатыны белгілі. Қатысымға қатысушылардың мақсаты мен уәжі коммуникативтік жағдаяттың компоненттерімен тығыз байланысты. Қатысымға қатысушылардың қоғамның мүшесі ретінде, сол қоғам белгілеген әлеуметтік нормалар мен ережелерді қолдануын, сөйлеу этикетімен есептесуін қадағалайтын — уәж. Мақсат — мүмкін нұсқалардың қолайлысын дұрыстап таңдау. Сөйлеу әдебінің нормасы әлеуметтік және мәдени мәнбірлерге сүйенеді де, ұлттық ерекшелікпен ерекшеленеді. Сонымен осы сипатталған мәселелерді ескере отырып, прагматикаға қайта оралсақ.

Кең тараған көзқарас бойынша, «прагматика» ұғымы — адамның тіл бірліктеріне деген қатынасын зерттейтін сала. Ал тіл бірліктерін де адам қолданатын болғандықтан, қатысым прагматикасын тіл бірліктерінің өзара қарым-қатынасынан іздемеу керек, оны коммуникацияға қатысушы адамдардың қарым-қатынасынан іздеген жөн. Себебі прагматиканың орталық категориясы — субъект категориясы, әлеуметтік жағдаят категориясы, яғни, адресат факторы. Әрине, бұл сөйлеу әдебінің қоғамдық белгіленген, дағдылы тәртібі екені рас, және сол қоғам мүшелері ұлттық ерекшеліктің осындай сөйлеу формулаларында бекітілгенін біледі. Дей тұрғанмен, сөйлеу формулалары тарихи құбылысқа, оқиғаға байланысты өзгермелі болады.

Бұл мысалдардың біріншісінде қазақ тілінде сөйлеуші реципиент үшін *ақсақалдың батасын алу*, сыпайы сөйлесу, *алғыс алу* — мерейлі, мәртебелі іс, қоғамда белгілі бір қалыптасқан дәстүріміздегі үлкенді сыйлау, кішіге құрмет жасау, қонаққа шақыру, бата алу сияқты әдеп ережелері тұрғанын бірден түсінеді. Сонымен, сөйлеуші де, тыңдаушы да немесе адресант пен адресаттар — белгілі бір әлеуметтік жіктің өкілдері. Адамның дағдылы іс-әрекеті немесе әлеуметтік әдебі, оның ішінде сөз әдебі, сол әлеуметтік қоғамға, ортаға лайық болады. Қатынасқа қатысушылардың жас ерекшелігі, жынысы, мекені, кәсібі, жұмысы, отбасындағы орны оның әлеуметтік белгілері болып табылады. Кез келген қатынасқа қатысушы адам өзінің әлеуметтік белгілеріне қарай, рөліне қарай сөйлейді.

Коммуникативтік тұлғалардың сөйлеуі тек жасына ғана емес, алған білім деңгейіне, өскен ортасына, қызметі мен кәсібін, бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік мәртебесіне байланысты болып келеді. Әдетте коммуникативтік тұлғаның жүріс-тұрысы, әлеуметтік әдебі сол ортада қалыптасқан нормаға сай болады. Сол нормаға сай тілдік қатынас жасайды. Алайда сол қоғамда қалыптасқан нормадан, ұстанымдардан ауытқыса, қатынас бұзылады. Сондықтан әрбір сөйлеуші сөйлеу барысында барынша сыпайылық сақтап, бірлестік, ынтымақтастық ұстанымын орынды қолдануға әрекеттенеді. Сондықтан, тілде бар айла-тәсілдерді, тактикаларды ұтымды қолдану арқасында сәтсіз коммуникативтік жағдаятты болдыртпауға тырысу керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Формановская Н.И.* Речевой этикет и культура общения. — М.: Высш. шк., 2002. — 456 с.
- 2 *Клюев Е.В.* Речевая коммуникация. — М.: Рипол Классик, 2002. — С. 9.
- 3 *Машимбаева А.Ж.* Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы. — Алматы: Арда, 2009. — 124 б.
- 4 *Қобланова А.* Қазақ сөз этикеті: Канд. дис. ... автореф. — Алматы, 1998. — 108-б.
- 5 *Қазақ пьесалары.* — Алматы: Өнер, 1957. — 256 б.
- 6 *Бәйтұрсынұлы А.* Тіл тағылымы. — Алматы: Білім, 1992. — 28-б.
- 7 *Уахатов Б.* Қазақтың халық өлеңдері. — Алматы: Ғылым, 1974. — 131-б.
- 8 *Смағұлова Г.* Мәтін лингвистикасы. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. — 36-б.
- 9 *Болғанбаев Ә.* Қазақ тіліндегі алғыс және қарғыс мәнді тұрақты тіркестер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. — Алматы: Өнер, 1960. — 117–121-б.
- 10 *Уәлиев Н.* Қазақ тіліндегі фразеологизмдер және тілдік норма. — Алматы: Ғылым, 1993.
- 11 *Балақаев М., Серғалиев М.* Қазақ тілінің мәдениеті. — Алматы: Зият-Пресс, 2004. — 114-б.
- 12 *Арутюнова Н.Д.* Фактор адресата // Изв. АН СССР. (Сер. литературы и языка). — 1981. — Т. 40. — № 4. — С. 358.

Ф.Т.Саметова

Особенности казахского речевого этикета

В статье проанализирован речевой этикет, являющийся составной частью национального языка и культуры. В речевом этикете практически всех народов можно выделить общие черты, однако реализуются они в каждой культуре по-своему. Показано, что речевой этикет характеризует практически любой акт коммуникации и сопрягается с общей проблематикой лингвистической прагматики и рассматривается в русле прагмалингвистических исследований. Акт языковой коммуникации определен прагматикой с точки зрения достижения участниками коммуникации тех или иных целей. Речевой этикет охарактеризован как система языковых средств, в которых проявляются этикетные отношения, различающиеся в зависимости от социального статуса участников коммуникации.

The speech etiquette is an integral part of the national language and culture. In the speech etiquette of virtually all peoples can be identified common features, but they are realized in every culture in its own way. Speech Etiquette characterizes almost every act of communication and interfaces with the general problems of linguistic pragmatics, and considered in line with Pragmalinguistic research. The act is determined by the pragmatics of linguistic communication in terms of meeting the participants of the communication or other purposes. Speech etiquette in the narrow sense can be characterized as a system of linguistic resources, which are manifested in the relationship etiquette, and they vary depending on the social status of participants in communication.